



**Акционерлердің жалпы жиналысының  
отырысын өткізбей, сырттай дауыс беру  
арқылы 2021 жылғы 5 қарашаға белгіленген  
«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен  
тыс жалпы жиналысының материалдары**

**Нұр-Сұлтан 2021**

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ  
МӘЖІЛІСІНІҢ ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ

№ 7/2021 пункт 9

Нұр-Сұлтан қаласы

ВЫПИСКА ИЗ ПРОТОКОЛА  
ЗАСЕДАНИЯ СОВЕТА ДИРЕКТОРОВ

« 3 » Кыркүйек 20 21 ж./г.

город Нур-Султан

**«ҚазТранОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын  
шақыру туралы**

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі **ШЕШТІ:**

9.1. «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының отырысын өткізбей, сырттай дауыс беру арқылы 2021 жылғы 5 қарашада келесі күн тәртібімен шақырылсын:

«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы.

9.2. «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы) Д.Ф. Досанов осы шешімді іске асыру бойынша қажетті шараларды белгіленген тәртіппен қабылдасын.

**Корпоративтік хатшы**



**А. Шманов**



**«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының  
шешімі**

**«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына  
өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) Акционерлері жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселені және ұсынылған материалдарды қарап, Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы **ШЕШТІ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сай «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгеріс пен толықтыру енгізілсін.

2. Қоғам бас директоры (Басқарма төрағасы) Д.Ғ. Досанов:

1) осы шешімнің қосымшасына сай «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына енгізілетін өзгеріс пен толықтыруға қол қойсын;

2) осы шешімнен туындайтын өзге де қажетті шараларды белгіленген тәртіппен қабылдасын.

**«ҚазТрансОйл» АҚ**  
**Акционерлері жалпы жиналысының**  
**2021 жылғы «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_**  
**№\_\_\_\_\_ шешімінің жобасына қосымша**

**«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына  
өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы мәселе бойынша  
түсіндірме жазба**

Нұр-Сұлтан қ.

2021 жылғы «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_

**1. Мақсаты мен міндеті**

«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы шешім қабылдау.

**2. Экономикалық тиімділігі**

Қоғамның Жарғысына, оның қызметінің нысанасын кеңейту бөлігінде, өзгеріс пен толықтыру енгізу Қоғамға қызметтің тиісті түрлерін жүзеге асыруға және олар бойынша табыс алуға мүмкіндік береді.

**3. Акционерлер жалпы жиналысының қарауына шығарылатын мәселені жүргізілген сараптама (қаржылық, заңдық, техникалық) туралы ақпаратты аша отырып, қысқаша сипаттау**

2021 жылғы 5 қаңтар мен 12 ақпан аралығында Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті (бұдан әрі – Есеп комитеті) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның ведомстволық бағынысты ұйымдарының активтерін басқару тиімділігінің мемлекеттік аудиті» аудиторлық іс-шарасы аясында Қоғам мен оның ведомстволық бағынысты ұйымдарының активтерін басқару тиімділігінің мемлекеттік аудитін жүргізді. Есеп комитетінің мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша Қоғамға 2021 жылғы 5 мамырдағы №7-5-Н-қбпу ұйғарымы берілді. Осы ұйғарымдағы тапсырмалардың бірі 2021 жылғы 15 желтоқсанға дейінгі мерзімде алаңы 1 144 ш.м. бос кеңсе үй-жайларын ұтымды пайдалану мәселесін шешу жөнінде Қоғамның шаралар қабылдауы болып табылады.

Осыған байланысты, аталған тапсырманы орындау мақсатында, 2021 жылғы 3 шілдеде Қоғам Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне (бұдан әрі - Агенттік) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғамның «Нұр - Сұлтан қаласында кеңсе үй-жайларын жалға беру» қызметін жүзеге асыруына келісім беру туралы өтінішхатпен жүгінді.

Агенттік 2021 жылғы 23 шілдедегі №01-3-09/7613 хатпен Қоғамның Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1095

қаулысымен бекітілген мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлері тізбесінің 5-бөлімінде көзделген «жеке меншік жылжымайтын мүлікті жалдау және басқару» (ЭҚЖЖ коды 68201) қызмет түрін жүзеге асыруына келісім берді.

Бұдан басқа, Агенттік Қоғамның 2021 жылғы 21 шілдедегі өтінішіне (2021 жылғы 21 шілдедегі №01-3-09/7173 хат) «Қоғамның еншілес және бірлескен-бақылаудағы ұйымдары үшін инженерлік-техникалық жобалауды іске асыру» қызмет түрін Қоғамның жүзеге асыруына келісім берді. Бұл қызмет түрі «Акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1095 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 қазандағы №666 қаулысын іске асыру мақсатында «Қоғамның еншілес және бірлескен-бақылаудағы ұйымдары үшін өнеркәсіптік объектілер мен процестерді жобалаған кезде инженерлік ізденістерді жүзеге асыру және инженерлік қызметтерді көрсету» қызмет түрінің орнына енгізілетінін айта кеткен жөн (Қоғам Жарғысының 3-бабының 2-тармағының 19) тармақшасы).

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Қоғамның Жарғысына тиісті өзгеріс пен толықтыру әзірленді.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қоғам Жарғысына сәйкес Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған. Осыған байланысты Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының қарауына Қоғам Жарғысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы мәселе шығарылады.

Қоғам Жарғысына енгізілетін өзгеріс пен толықтыруды Қоғам Басқармасы мен Директорлар кеңесі мақұлдады.

#### **4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі**

Қоғам Жарғысына өзгеріс пен толықтыру Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді.

#### **5. Шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайдағы негізгі проблемалар, тәуекелдер, ықтимал салдарлар**

Қоғам Жарғысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы мәселе бойынша шешім қабылдау қандай да болмасын проблемалардың және тәуекелдердің туындауына әкеліп соқтырмайды.

**Бас директор  
(Басқарма төрағасы)**



**Д. Досанов**